Контроль со стороны *профессиональной системы* важен, ибо профессия и должность решают, что индивиду можно и что нельзя во внепроизводственной жизни: какие добровольные объединения примут его в свои члены, каков будет круг его знакомых, в каком районе он сможет позволить себе жить. Помимо профессии, индивид вовлечен и в другие социальные отношения, обладающие собственными системами контроля, многие из которых более формальны, а иногда жестче профессиональных. Окружение предъявляет к человеку свои требования, неписаные законы, которые охватывают широкий круг явлений. Они могут включать в себя манеру одеваться и говорить, эстетические вкусы, политические и религиозные убеждения и даже манеру вести себя за столом. Во всех этих случаях они составляют круги контроля, эффективно описывающие область возможных действий индивида в определенных ситуациях.

Последний и ближайший к индивиду круг составляет группа людей, в которой проходит так называемая *частная жизнь* индивида, т.е. *круг семьи* и личных друзей, который тоже образует систему контроля. Нормативное давление на индивида не ослабевает и здесь. Напротив, есть все основания считать, что оно возрастает. Именно в этом круге индивид устанавливает наиболее важные социальные связи. Неодобрение, утрата уважения, осмеяние или презрение в кругу близких имеют больший психологический вес, чем те же санкции, исходящие от чужих или незнакомых людей.

Внутреннюю часть последнего круга, его *ядро,* составляют интимные отношения мужа и жены. Именно в самых интимных отношения человек ищет поддержку самым важным чувствам, составляющим Я-образ. Ставить на карту эти связи – значит рисковать потерей самого себя. «Неудивительно, что часто люди, властные на работе, мгновенно уступают дома своим женам и съеживаются, когда у их друзей брови недовольно ползут вверх», – пишет Бергер.

В РК сегодня как никогда актуальна проблема построения социального государства и вхождения в 30 ведущих стран мира. Опыт зарубежных стран показывает, что успешное функционирование социального государства осуществимо лишь на основе высокоразвитой экономики, которая должна быть

эффективной, социально ориентированной, служащей интересам всех слоёв общества. Для достижения этого уровня Казахстану необходимо учесть положительный опыт развитых стран мира в строительстве правового, демократического и социального государства, особенно, в вопросах формирования государственной политики в области образования, здравоохранения и социальной помощи населению, как наиболее важных областей социальной политики. «Государство и нация – не статичная конструкция, а живой развивающийся организм. Чтобы жить, нужно обладать способностью к осмысленной адаптации», – подчеркивает Президент Н.Назарбаев в статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

Список литературы:

1. К.Г. Габдуллина, Е.Р. Раисов. Социология. Алматы 2008.
2. Ю.Г.Волков. Социология. Москва 2010
3. Шевелев, В.Н. Социология управления / В.Н. Шевелев – М. Инфра – М, 2004 – 348с.
4. Басов, Е.М. Социология управления / Е.М. Басов – М. Тетра Системс, 2006-228 с.
5. Кравченко А.И. Социология : Хрестоматия для вузов-М, Деловая книга, 2010-734с.
6. Фролов С.С. Социология. Учебник для высших учебных заведений. – М: Наука, 2006-320 с.
7. Пригожин А.И. Современная социология организаций. – М: Интерпракс, 2005-156 с.
8. Назарбаев Н. «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» – Астана, 2017.

КҮН СӨНГЕНШЕ СӨНБЕГЕН АЛАШ ТУЫНЫҢ ҚАҺАРМАНЫ

Рудный қаласы әкімдігінің №19 орта мектебі КММ, 11 «А» сынып оқушысы Дарханова Нуриза Касымбековна.
Ғылыми жетекшісі: жоғары санатта тарих пәнінің мұғалімі Ғ.Е.Саналиев.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз ел болуы, Мәңгілік Ел идеяларын насихаттап, Ұлы Дала перзенттерінің арасында тәуелсіздік үшін күрескен аса тұлғалар болды. Соның бірі Ахмет Байтұрсынұлы, ол биыл 145 жасқа толды. Бұл мереке мемлекет және қоғам қайраткеріне деген құрмет болып табылады.

Қазақ көгіне өрмелеп шығып жарық сыйлаған –Ахмет Байтұрсынұлы. Нар болып өз заманының жүгін арқалап,сын үстінде танылып,тәуекел етіп тас жұтқан қажырлы қайраткерді ел мүддесі өсірді.Өткені мен өткелі парақ бетінің бейнесінен өшседе жүрек жылуы,елдің есінен өшпейді.Өмір қазығы қысқа болса да ел үшін,біз үшін аянбаған қасірет, жазықсық озмыштың кебісін кейіп өмір жолын кесіп өтті. Құс қанат ғұмырын жақсылық пен игі

іске арнаған дара жолы күрделі күрбелен дегбір дыбыс қағатындай. Қаншама сүбелі ісін халыққа арнау еткен қараңғылық жарасына жарық сыйлап, ел арасында құрметке баға болған –Ахмет Байтұрсынұлын ел арасы өскелең өсіп тамыр жайып келе жатқан ұрпағы қара көздермен,бота көздер тани ма?

Ахмет Байтұрсынұлының өмір ағысын толқып жатқан таңданысын танытар әлемі оның сыйлы ұрпағы. Солтүстіктің арқасында,шаруа отбасында,қарапайым ақыл жинаған ақын өмірі бірде тайғақ, бірде батпақ болып жалғасып өмір деген құлшыныс, өмірге деген таласты табындырып алысқа жетеледі. Тілімделген ақын жүрегі жастық шағынан қасіретке толы тұңғиық болды. Арқа тұтқан Қостанай облысы, Торғай атырабындағы, Сарытүбек деген жерде қилы шақтары ұшып өтті. Беделі биік Шошақұлы Байтұрсын шаңырағында 1873 жылы қаңтардың 18 жұлдызында дүние есігін ашып қалың қазақ ортасында ой-өрісі өрбіп қалыптасады. Әділетсіздің уын ішкен әділетті әміршілер бала жүрегін жаралайды. Әкесі Байтұрсын мен бауыр еті інісі Ақтас қорлықтың құрбаны зорлыққа зобаланып 1885 жылы Яковлевтің есесің беріп басын жарады. Сұм сұрапыл арты абақтының айдауы мен Сібірдің сірескен суығында, дүние мүліктің тараң талаж таралуында.

Білімге аш қасқырдай жабысқан жанары көзі қарақты кісілерден хат танып артынша ауыл мектебінен сауат сусының қандырып 1886-1921 жылдары Торғай торабынан екі класты орыс және қазақша училищеде ,1891-1895 жылдары мұғалім мамандығын иемденіп Орынбордан орын тебеді. Білімге кенеше қанықкан қилы өмірі көпті көрсетті.1895 жылдан бастап ақын өмірі үлкен табалдырық тезін басып, жалықпай үйренген ілімін Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы атырабында мектеп өміріне береді. Күндері осылай жылжыған алып өмірі , күрделі , күрбелең кереғарлыққа да араласып, ақ пен қара жігін ажыратады. Әділет күшіне күшенген ақын бай болмысы мен патша отаршылдық озбырын көріп күреседі. Бос уақытын тиімді игі іске өрбіген.Көбінесе ақын өздігінен ізденіп, қызықты кітаптар оқып,оқу құралдарын машықтап, өлең жырды жайып ,фольклор нұсқасын тізіп әдебиет әлемін дәріптейді.Еркін ойға шұғылып өскен еңбек жемісі беделің кеңейтеді. Жазирасы жайқалған өмірі әп сәтте қара тұманға торланып полиция тыңшыларының қара күйесі маңдайға бітіп, губернатор Тройницкийдің жарлығымен Семейдің абақтысында айдалып, бейкүнә бейбіт өмірі ешбір заң алдында теңеспей сот үкіміңсіз,қорлық қожасында құрбандалып, қанаты жараланып,іштей рухы тасып күрес қамалын ширатады. Күнді күн демей ,бостандыққа жолбарыстай тырмысып , көптеген азаттық тақырыбында өленңдері өседі. Ерім дейтін ел болмаса,елім дейтін ел қайдан болсын. Елі үшін жаны отқа күйген,жүрегі суға батқан көңіл сонда да жарты жол жолағында қалмады. Өзі үшін,өзге үшін күресе біліп,талай уақытын сабырға саралаған ақын жүрегі ah ұрмады.Ит үріп керуен көшіп жатты,бұл заман байқағанға күштінікі болып,азулы мен тырнақты,тістінің салтанат құрған билігінде құдай аққа жақ болып,дүниенің батырлығы мен патшалығы тыпырлап тыныш жатпаған Ахаңның қалінде өзгеріс көктемін әкелді.Ең қызықты, керемет естелігі 1913-1918 жылдар шебінде « Қазақ» газетінде редактор болып қараңғы қазақ көгіне күнделікті көкейтесті көкжиекті мәселелерді санаға

бітіріп білімге үндеу айтып халықты кеңге шақырды. Кейінгі өмір тынысы тағы тарылып, басын баққа ұрып,сары уайымға мұң мұнартып,түніліп аспанын бұлт торлайды. Жаңа өткел көпке үйретіп ,өзгеріс эволюциясынан өтіп-Совет үкіметі жағына өтіп ,қазақ өлкесін басқару жөнінде Республика халық ағарту комиссары, Бүкіл Одақ Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып, Қазақстан Академиялық Орталығының жетекшісі, Ташкент, Алматы жоғары оқу орнының профессоры болып жаңа заманның, жаңа лебі болып, зымыран күші тез қарқынмен өсіп атағы айды аспанға жетті. Қазақ жері қазақтан кетпес еді-қазақ жері қазақтан кетпесіне іс қылсақ деп күйнген Ахмет күйі жаны күйсе де,ары күймей қазақтың құлағына тәрбие, білім ошағымен қоса қадап кетті. Қазақ жерінің тұтқасының екі ұшы екі қолда:бір ұшы-қазақ екіншісі-орыс болды. Қазақтың жәй күйін көп қозғаған ақын сауатсыздықтың сорақысын,бір баста билік болмағаның,әңгір таяғын орнатқан орыс топарлары қазақтың басын байлап қайда жақсы десе көшін соған бағыттаған шешімсіздігін шеше отырып, намыс отын лаулатты.Жері байдың елі бай болғанын қайтейін халқы бүгін қарны тойғанына мәз болып, ертеңгісін ұмытқан қазақ бүгін-жерін сатып тойып,ертең-теңтіреп кетер деген ой мазалап сыпайы момындықты орыс қолына күлкі болмай білімді көпке көп бейнет етті.Лениндік норманының сай келмеуі,сталинизм қылышының қаны абақтыға жабылып,лагерь тепкісінің тезінде тоз-тоз болып 1936 жылы қайта оралғаны мен 1937 жылы тағы торға тығылып 1938 жылы ақ жүрегімен ақтық сапарға аттанды.

Халық үшін туған батыр есімін өз елі ғана емес түпкі түркі елі,орыс ғалымдары мақтанышпен еске алып ерке тұжырымдамаларды келтіреді.Соның бірі А.Самойлович, Е.Поливанов.Ақын өмірінің ғылыми тың өзгерістері оның елу жыл мерейтойында жарияланды.

Өз уақытының аласпыран құбылыстарын бағалау,болашақ алыс өрістерді келгенде,жас Мұқтар Әуезов даналығына таң қалмасқа болмайды. Алмағайып ағыстарға малтығып,қалың тұманда адаспай,Ахмет Байтұрсыновтың тарихтағы орнына қатысты дәл бүгінгі күнмен үндес,қайта құрурухына орайлас пікір-тұжырымды жігіт-желе, 25-26 –лардағы балғын ойшыл қалай тауып айтты екен деп таң қаласың: «Ақаң ашқан қазақ мектебі,Ақаң түрлеген ана тілі,Ақаң салған әдебиеттегі елшілік ұраны, «Қырық мысал», « Маса» еңбегі, «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі,өнер-білім,саясат жолындағы қажымаған қайраты,біз ұмытқанда да,тарих ұмытпайтын істер болатын.Оның жұрттың бәрі біледі.Бұл шындықпен де ешкім дауласпайды.

Ахмет Байтұрсыновтың тарихтағы орнын,оның әлеуметтік-қоғамдық істерін,дүниетанымдағы кейбір қайшылықтарын өз кезінде дұрыс көрсетіп,әділін айтқан адамдардың бірі-Сәкен Сейфуллин. Ол «Еңбекші қазақ» газетіне «Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес,оқыған кісі деп деп марқа тұтады. Ақынның еңбегін елең етіп Ақаңды елу жасымен құттықтап мақаласын жылы лебізді сөздермен тәмәмдәйді.Қазақстанда Байтұрсынов есімін ауызға алуға да,жазуға да тыйым салынған уақыттарда түркологтар тарапынан оқта-текте ол туралы бірен-саран пікірлер айтылып қалып жүрді.Өз

елі үшін табан тіреген ақын есімін айтуда енді қылмыс санатына қослып еңбегін өртегенмен мән мағынасы бояуы өшпеді.

Ақынның негізгі жолы-қалайда халықты ояту,оның санасына,жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде,Ұлы Абай тапқан соқпақ орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану,аударма жасау дәстүріне мойынсұнады.Бұрынғы ескі ертегі,хикая үлгілері емес,енді жаңа өлеңдік форма-мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы – жан –жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Крыловтың туындыларын аудары, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургта басып шығарады. Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымыды идея, үшінші жағынан жағынан қазақтың бет –бейнесін дәріптеген. Бірліктің білегін айтқан бұл мысал көпке күлкі, біріне үлгі бола білді.Бұрын емеурін, ишара, мензеу,астар, мысалмен берілген ойлар «Маса» кітабында ашық,нақты айтылады. Бұл кітаптың сырында ақынның қиын қилы кезеңі,ауыр тайғақ жолдары,қуғын сүргін,жетімдік-жоқтық жарасы ем іздеп бірнеше сарынмен жалғасып халыққа арқа болды.

«Маса» кітабына енген өлеңдерде жеке бастың мұң-шері,тұрмыс-салт суреті емес, негізінен, әлеуметтік,қоғамдық ойлар, азаматтық идеялар мән тапқан.Өзін-өзі күйттеген,байлық үшін, мансап үшін,мансап үшін ар-абыройын сатқан, «жақсылығы өз басынан артылмаған», «бос белбеу, босаң туған бозбала», бір тойғаның ар қылмаған шалдар», «қайырсыз кеше саран байлар», «мәз болып құр түймеге жарқылдаған оқығандар» сыналады. Өмірдің сан алуан көкейтесті мәселелерін арқау етіп жазған Ахмет Байтұрсынов мақалалары алдымен «Айқап журналында,1913-1918 жылы редакторлық еткен «Қазақ» газетінде,кейін советтік баспасөзде жарияланған.

Ахмет Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы,қазақ тілі білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып,өз топырағымыздантауып, оларға тұңғыш анықтама бергені,дыбыс жүйесін, сөз жүйесін, сөйлем жүйесін қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі сауаттылық сапасын саралады.Ғалым әдебиеттің барлық жанрларына,көркемдік құралдарына қатысты европалық, орыс әдебиеттанудағы ұғым,термин категорияларға шып-шырғасын шығармай түгелдей қазақша балама табады.Осымен еңбегі тоқтап қалмады.Өлең айшықтары, шумақ түрлері, тармақ толғаулары, бунақ,буындар, ағындар, тармақ кезеңдері, ұйқастар-осы өлеңтану категориялары да «Әдебиет танытқышта» жасалды.Қазақ әдебиетінің өзіне тән жанрлық формаларын топтап,жіктеп берудегі ғалым даналығына таң қаласың.

«Әдебиет танытқыш» кітабындағы бірқыдырутермин, ұғым, категория әдеби тізімге,ғылыми оралымға кезінде кіргенің айта отырып, бұл еңбекте эстетикалық ойлау жүйемізді әлі де байыта түсетін тамаша қазына, өр тапқырлықтарбар екнің айтамыз. Ахаң бастаған Алаш зиялылары тарапынан алғаш рет терминологияны дамытудың бағдары белгіленді. Терминологияға қатысты айтқанда отыз-қырық жылды дей алмасақ та, жиырма жылдай уақытты, дәлірек келгенде, 1910-1930 жылдар аралығын «қазақ тер-минологиясы дамуының Байтұрсынұлы кезеңі» деуге толық негіз бар. Өйткені

ғасыр басынан 30-жылдарға дейінгі қазақ терминологиясының дамуы Ахмет Байтұрсынұлы есімімен тығыз байланысты. Өйткені ол өзі жүздеген терминдер жасап, оларды қолданысқа енгізіп, ұлт тілінде термин жасаудың үлгісін көрсетті. Осы аталған уақыт аралығында қазақтың ғылым тілінің, ұлттық терминологиялық қорының қалыптасуына Ахаңның өзі тікелей басшылық етті. Ал «Байтұрсынов дәуірі», «Байтұрсынов ғасыры» дегенге келсек, терминологияға қатысты тұтас дәуірді, ғасырды А.Байтұрсынұлы есімімен байланыстыра қарасақ, онымыз тарихи шындықпен қабыса қоймайды. Себебі Ахаң терминология мәселелерімен 10-жылдардың орта тұсынан бастап, жиырмасыншы жылдардың аяғына дейін он бес жылдай белсенді айналысты. 30-жылдардың бастапқы жылдарына дейін ол бастаған іс жалғасын тауып отырды. Сол себепті біз қазақ терминологиясының XX ғасыр басындағы 10-15 жылдық мерзімді «А.Байтұрсынұлы кезеңі» деп атаған орынды деп санаймыз. «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадірінше жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын… Сондықтан сөзден жасап, сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді» (Байтұрсынов А. Шығармалар. –Алматы, 1989. –141-б.) деп, тілдің міндетін терең түсініп, оны термин шығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай білген ұлы тұлғаның қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі ұшан-теңіз. Орыстың ғылым тілінің даму тарихын зерттеуші ғалымдар бірауыздан энциклопедист-ғалым М.В.Ломоносовты «орыс ғылыми терминологиясының атасы» (Даниленко В.П., Канделаки Т.Л. Русская терминология// Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. М., 1986. –стр.182.) дейтін болса, Қазақстан ғылымының тарихындағы ондай орынды ұлтымыздың бағына туған перзенті аса көрнекті ғалым Ахмет Байтұрсынұлы иеленіп тұр.Ахмет Байтұрсынов “Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал.Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек”, - дегенұлы талабын өзі нақты іске асырды.

“Әдебиет танытқышта” қойылған күрделі мәселенің бірі – қара сөз бен дарынды сөз жүйесінің, ғылым мен әдебиеттің айырмасы. А.Байтұрсынов қазақта бұрын бола қоймаған терминдердің баламасын тауып, не өз жанынан жаңадан сөз жасай отырып, өте күрделі ғылыми, философиялық, эстетикалық көзқарастарды айтады, қиын проблемаларды ұғынықты түсіндіріп береді. Ғалым жер жүзі жұрттарының тілдеріндегі шығармалардың бір-біріне ұқсас болып келу себептерін тұрмыс-салт, өмір-тіршілік ұқсастығынан туатындығын кеңінен дәлелдейді. Адамзаттың балалық шағындағы табиғат құбылыстарын кереметке жору, жоққа илану, дәу, пері, жезтырнақ, жалмауыз секілділерден қорқып, пері-періштеге, аруаққа сену салдарынан туған

шығармаларға баға береді. Жазу-сызу жоқ дәуірде туған жырлардың ауыздан-ауызға, заманнан-заманға көшуі, батырлар жырының бір адамның сөз болудан шығып, мың адамдікі, жұрттыкі, ұлттыкі болу себептері айтылады, “Қобыланды батыр”, “Алпамыс батыр” сияқты жырлар мысалға алынады. Ертегі секілді ескі сөздердің әркім өзгертіп, өң беріп, құбылтуына орай жалпылық сипат алатынын түсіндіреді, олардың неге халық шығармасы, халық әдебиеті есептелетінін анықтап береді. Осы тұста Ахмет Байтұрсынов былай дейді: “Ауыз шығарманы (анайы әдебиетті) ауыз сөз деп қана атап, жазба шығарманы (сыпайы әдебиетті) ғана танушылар бар. Бірақ қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебінде жүріледі”.

Батырлар жырының азайып бара жатқанын автор қазақ арасында сауықтың кемігенімен сабақтастырып, олардың бірте-бірте өлең түрінен айырылып, ертекке айналатынын, рухы, көркі жоғалып, құр сүлдесі қалатынын ескертіп, сондықтан жыршылар жоғалмай тұрғанда батырлар жырын жазып алуды ел ішіндегі азаматтардың халық алдындағы борышы деп көрсетеді. “Қарақыпшақ Қобыланды батыр”, “Нәрікұлы Шора”, “Алпамыс батыр”, “Ер Тарғын”, “Ер Сайын”, “Едіге”, “Қамбар” қазақ арасында көп айтылатын жырлар ретінде көрсетіледі. “Тарихи жыр” деп тарихта бар, мағлұм оқиғалар турасында өлеңмен шығарған сөздері айтылады” деп анықтама беріледі де, мысалға “Орақ-Мамай”, “Абылай”, “Кенесары-Наурызбай”, “Ерназар”, “Бекет” жырлары алынады. Айтыс өлеңдердің ерекшелігін екі палуанның күрескенімен, екі батырдың жекпе-жек ұрысқанымен салыстыра түсіндіреді, тақырып ретінде жұрттың, ұлттың, рудың, елдің кемшілік-олқылығы, осал-оңтай жерлері алынатындығы, жазу жайылған сайын айтыстың азаятыны аңғартылады. “Кеншімбай мен Ақсұлу”, “Жанақ пен бала”, “Есентай мен Балық”, “Жарылқасын мен Айқын” айтыстарының жалпы сипаты көрсетіледі. Ахмет Байтұрсынов - қазақ халқының рухани дүниесін жаңғыртып, ұлттың тарихи санасын түлеткен дара да дана дарын. Ол қазақ танымын әлемдік өркениеттің аса күрделі де шырғалаң үрдісті жолына бастады. Уыздай уылжып тұрған қазақ мәдениетін адамзаттық адуынды таным мектебінен өткізіп, бұғанасын бекітті, қанатын қатайтты. Шоқан, Абай ұлықтаған ұлттық сананы өркениет көрігінде суарды, замана заңғарына шығарды, шыңдады. Ұста ұстаздың көкірек көзі дүниенің тылсым астарларын көріп, қажырлы білік, қайсар құлық, тума таланты ұлттық даму жолының асқар биіктерін ашқан еді. Ахмет Байтұрсынов ой- парасатының арқасында самғап көтерілген туған еліміздің Рухын асқақтатқан аспан биігі - қазақ білімінің шыққан ұшпағы ұлттық ғылымның дүиие тарихындағы алтын тұғыр, табан тірер пұшпағына айналды. Ғұламаның білікті ерліктері Алаш рухының мәңгілік асқақ шыңдары

Ойшыл ағартушының ақындық мектебі, аудармашылық қызметі әдебиетті көркемдік шеберлік тұрғысынан да, интеллектуалдық өре мен қаламгерлік мәдениет орайында да байытты. Ән, музыка өнері мен этникалық мәдениетті саралаудағы қапысыз таза талғамы, этнологиялық бай білімі, әншілігі мен домбырашылық қабілеті ғалымды өз заманының озық мәдениетті тұлғасы ретінде танытты. Қазақ баспасы тарихында тұңғыш рет аударма кітап шығарудың көшбасшысы. Ұлттық мақсаты барынша айқын, көптаралымды ірі

басылым «Қазақ» газетінің ұйымдастырушысы, бас редакторы Алаштың ардақты қайраткерінің бұл реттегі қызметі мен қыры жөніндегі сындарлы баға әлі де айтылары анық. Қазақ әлеміндегі заманауи құбылыс Ахмет Байтұрсыновтың дара тұлғасын тану, талантты мұраларын ел игілігіне жарату ісі енді ғана бастау алды. Еліміз тәуелсіздік алған аз уақытта бұл мақсатта көп істер, шаралар атқарылды. Шығармалары, ғылыми зерттеулері жарияланды, бұғаудағы сөзі, бодандықтағы мұрасы бостандық алды. Әйтсе де, тарихи танымның, білім қызметінің уақытпен бірге есейіп, уақытпен даритын қадір-қасиеті бар. Қоғам қайраткерінің бірқатар мұралары әлі де болса назардан тыс қалып кітабының қолжазбасы дерексіз. Оның үстіне ұстаз, ағартушы, мемлекет қайраткерінің әдеби-тарихи мұрасын кәсіби біліктілікпен сіңіру қазіргі мамандардан, ұрпақтан тиісті Байтұрсыновтың білімді, мәдениетті, қоғамдық ойды дамытудағы қазыналы қатпарлы мұрасы мен қаламгерлік дәстүрін танып, білу, ағартушылық қызметтің ұстанды өзегіне ұстану алдағы күндердің аңсарлы да қуанышты еншісі. Алыпты тану үшін Уақыт керек. Сондықтан да алаш ардагерлерінің мұраларын жариялау, елдің ықыласына жеткізу қашанда ұлттық парыз саналады. Ұлттық құндылығымыз қасиет тұтар тұмары қазақ көгінің өшпес мұрасы, Ахмет Байтұрсынов замана шындығы қазақ алыбы, асқақ мұрасы мақтан етер жарық шақты жұлдызы. Қыл көпірді қиянкесті қара долды ұрпағына түзеп, жарық із қалдырды. Білімдінің күні жарық болып бүгінде зиялылар салған дара із біздің кім екенімді айшықтады. Бүгінде Ахмет ұрпағының көзі көп жерден естиміз. Соны бірі Ахмет Байтұрсынов атындағы университеті,мектеп қабырғалары.Әрине біз қағаз бетіне,қабырға бетіне ақынды сыйдырып мақтаныш ете қоймаймыз ақын жанын, қаһарманды мәңгі жүректе сақтап өзі өлседе өрнегін өшірмей пір тұтамыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы – Алаш қозғалысы.Алматы, 2014 «Сардар» Баспа үйі
2. Зұлқарнай Алдамжар – Тарих пайым тағылым. «Арыс» баспасы, Алматы 2002.
3. Ө.Әбдіманов – «Қазақ газеті» Алматы, «Қазақстан» 1993.
4. Бейбіт Қойшыбаев – Жазықсыз жаңа шеккендер. Алматы, «Қазақстан» 1990.

ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ- ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ АДАЛ ПЕРЗЕНТТЕРІНІҢ БІРІ

Рудный қаласы әкімдігінің №19 орта мектебі КММ , 9 «А» сынып оқушысы
Нурмаханова Алсу Бекдиллақызы.
Ғылыми жетекшісі – жоғары санатты тарих пәнінің мұғалімі Ғ.Е.Саналиев

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі арқасында еліміздің Ұлы Дала елінің тұлғаларына құрметпен қарап, олардың еңбектерін терең зерттеуге мүмкіндік туды. Ұлы дала елінің адал перзенттерінің бірі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа биыл 105 жыл толды. Дінмұхамед АхметұлыҚонаев– құрметті азамат, көрнекті қайраткер, ұлы адам, ірі тұлға. Ол 1912 жылы 12-қаңтарда Алматы қаласында дүниеге келген. Еңбек жолын 1936 жылы Мәскеудегі алтын және түсті металдар институтын бітіргеннен кейін Қоңырат кенішінде бастайды. Ол дипломын Қоңырат карьерінің қуаттылығын 90 мың тонна қара мыс беруге жеткізу жөнінде жазып, оны үздік бағамен қорғап шығады. Өзі жұмыс істеген үш жылда бұрғылау станогінің жұмыскерлігінен бастап цех бастығы, рудниктің техника бөлімінің меңгерушісі, бас инженері, директоры болып қызмет атқарады. Оның бұрғылау станогі ескерткіш ретінде Қоңыраттың кіреберісінде мәңгілік сақталуының да маңызы өте зор. Сол жылдары Қоңырат құрылысы қарыштап дамыған еді. Оның кезінде тұрғын үй, балабақша, аурухана, мәдениет үйі салынды. Осындай қажырлы еңбегі үшін 1938 жылы шілде айында «Ерекше еңбегі үшін» медалімен марапаттау белгісі еді. Аз уақытта іскер басшы, зор талап иесі болып көрінген Дінмұхамед Ахметұлын Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті 1939 жылы Риддер кен басқармасының директорлығына ұсынады. Себебі, Риддер полиметалл комбинатының жұмысы, әсіресе шикізат кеніштері ақсап қалған кез еді. Бұл ұсыныс кенді Алтайдың экономикасын жедел көтеруге жасалған шара болатын. Сонымен Орталық Комитет жас коммунист Қонаевқа зор сенім білдіріп, ауыр міндет жүктейді. Тұралап қалған аса ірі кәсіпорынның жұмысын жолға қою оңай болмасын білсе де, «жігіт аспайтын бел, жүрмес жол болмайды» деп нар-тәуекелге бел байлайды. «Қашан да бірінші болу құрметті, бірақ тыңнан соқпақ салу, мешеу елдегі кәсіпорынды жолға қою маған оңайға түскен жоқ» деп жазады өзінің естелік кітабында. Ұлы Отан соғысы жылдарында ол өндіріс жұмыстарын жоғары дәрежеде ұйымдастырушылардың қатарында ғана қалған жоқ, 1942-52 жылдары Қазақ КСР- і Халық комисстарлар кеңесі төрағасының орынбасары, одан кейін үш жыл Ғылым академиясының президенті болып қызмет атқарады. Республика Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болып екі кезең 1955-60 жылдары жұмыс істеді.

Онан кейін Дінмұхамед Қонаев республика партия ұйымын 1986 жылы зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін ширек ғасырға жуық уақыт басқарды. Өткен өмірі қаншалықты күрделі де қарама-қайшылықта болғанымен Дінмұхамед Ахметұлы экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылымды, ұлттық

мәдениетті дамыту ісінде Қазақстанның көп ұлтты халқының алдында зор еңбек сіңірді.

Ол үш мәрте Социалистік Еңбек Ері атағын алып, сегіз рет Ленин орденінің және басқа да еліміз бен шет мемлекеттердің ордендері мен медальдарының иегері болды. Ол еліміздің партия және шаруашылықжұмыстарымен өзінің ғылыми еңбектерін ұштастыра білді, 100-ден аса ғылыми еңбектері жарық корген. Академик Қонаев тағылымы терең, ой-өрісі кең білімдар адам болған.

Белгілі журналист-жазушы Г.Толмашев өзінің «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевпен кездескен 50 сәт» деген естелік кітабында еліміздің біраз белгілі азаматтары берген мінездемелерін жазған.

Президент Н.Ә.Назарбаевтың естелігінде:

«Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Қазақстан тарихында ірі тұлға болып қалары даусыз» дейді. Бұрынғы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Б.Әшімов өзінің Қонаевпен көп жыл бойы бірге қызметтес болғанын айта келіп, оның Қазақстан тарихында және халық есінде аса көрнекті қайраткер ретінде қалатынын айтқан. «Егер Қонаевтың «ерекшелігін» ірілік тұлғасынан бағалау керек болса, онда ең әуелі ұлттық мемлекеттің негізін қалаушылардың қатарына қосуға болады. Оның кезінде республика гүлденіп, интернационалдық қарым-қатынастың және халықтар достығының лабораториясына айналды. Ол қызмет еткен жылдардың ішінде республикамыздың өндіргіш күші 700%-тен астам өсті. Басқаша айтқанда, жаңадан жеті Қазақстан орнады: өнеркәсіп 9 есе, ауыл шаруашылығы 6 есе, күрделі құрылыс 8 есе өсті» деген өз естелігінде бұрынғы Семей және Ақмола обкомдарының бірінші хатшысы Н.Морозов. Тағы бір естелікте «Димекең өзі еңбек жолы бастаған Балқашты ұмытқан емес. Кей кезде қала басшылары ақыл-кеңес, күрделі мәдени-тұрмыс мәселелерін шешу үшін Димекеңнен көмек сұрап барғанда, оның бірде-бірі шешілмей қалған жоқ. Оған Балқаштағы сауда орталығының салынуы, Алматыда «Балқаш» демалыс үйінің ұйымдастырылуы дәлел бола алады. Осы қалада Дінмұхамед Ахметұлымен талай қызықты кездесулер өтетін. Балқаштықтар әр уақытта Димекеңді үлкен құрметпен қарсы алып отыратын» делінген. Осы жанға жайлы, көңілге жағымды естеліктерді оқи отырып, Дінмұхамед Қонаевтың еліне қаншалықты қымбат жан болғанын білуге болады.

1974 жылы «Балқаш қаласының құрметті азаматы» атағы берілген. Оның Балқашқа соңғы сапары 1992 жылдың күзінде болған.

1960-62 жылдары және 1964-86 жылдары – Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің бірінші хатшысы. Республиканы басқарған жылдары Қазақстанда жаңа өнеркәсіпті аудандар қалыптасып, елде жаңа қалалар мен ірі елді мекендер пайда болды.

Павлодар – Екібастұз отын-қуат кешені, Қарағандыдағы ГРЭС-2, Шығыс Қазақстандағы Бұқтырма су электр станциясы, Павлодар трактор зауыты және т.б. кәсіпорындар осы кезеңде іске қосылған. Маңғыстаудың мұнай-кен орындары игеріліп, темір жол құрылысы, көлік түрлері дамыған. Республика титан, магний, синтетикалық каучук өндіре бастады. Электротехника, машина

жасау, химия салалары тез дамыған. Жезқазған, Маңғыстау және Торғай облыстары шаңырақ көтерді.

Дінмұхамед Қонаев Алматы облысының Кербұлақ алқабын игеруге, Қапшағай су қоймасын салуға ерекше көңіл бөлген. Көрнекті қоғам қайраткері әдебиет пен өнердегі, мәдениет пен ғылымдағы ахуалды әрдайым бақылап отырған. Ол – құдайға құлшылық етіп, Алла тағалаға мінәжәт еткен, иманды жоғары бағалаған асыл жан. Кітапты өте көп оқыған, кітапты жан-жақтан жинағанды жақсы көрген. Ол республикаға басшылық жасаған тұста Қазақстанның 5 томдық академиялық тарихы қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген.

Дінмұхамед Қонаев – өз заманының ұлы саясаткері. Ол билік басында болған уақыт қаншалықты күрделі, қарама-қайшылықты болғанымен, елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірді. Түрлі деңгейдегі партия және кеңес қызметін атқара жүріп, орталықтың өктем саясатының ығымен кете бермей, ел мүддесін, болашақ қамын да бір сәт естен шығармаған. 60-жылдардың басында Н.Хрущевтің озбырлығымен Өзбекстанға беріліп кеткен қазақ жерінің біраз бөлігін қайтарып алуы соның айқын бір дәлелі. Ол Қазақстанда неміс автономиясын құру, Маңғыстауды Түркіменстанға беру жөніндегі орталықтың ұсыныс-жоспарларына қарсы шығып, ел мүддесін қорғаған.

Дінмұхамед Қонаев Алматыны қазіргі заманғы, көрікті қалаға айналдыруға көп күш жұмсады. Атап айтатын болсақ: Республика сарайы, ҚазМУ қалашығы, «Арасан» сауықтыру орталығы, Медеу спорт кешені және т.б. ірі ғимараттар бой көтерді.

Ол бірнеше мәрте КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланады. КОКП-нің 19-шы съезінен бастап кейінгі съездерінің бәріне делегат болды. Парламент пен партия делегациясын басқарып, әлденеше рет шетелдерде болып қайтады. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының мүшесі болды.

1986 жылы КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы болып М.Горбачев сайланғаннан кейін елде басталған қайта құру саясаты КСРО-ның басқа аймақтары сияқты Қазақстанда да қиындықтар мен кедергілер туғызды. Сол жылы Желтоқсанның 16-да өткен Қазақстан Компартиясы ОК-нің (Орталық Комитетінің) өкілі Г.Разумовскийдің ұсынысымен Дінмұхамед Қонаевтың орнына Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшылығына Колбин сайланды. Дінмұхамед Қонаевтың орнына өзге ұлт өкілінің тағайындалуын қазақ халқы кемсітушілік ретінде қабылдап, мұның соңы КСРО-дағы ұлт саясатына қатысты халық көңілінде қордаланған наразылықтардың сыртқа шығуына әкеліп, «Желтоқсан көтерілісіне» ұласты.КОКП ОК-і Дінмұхамед Қонаевты көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі деп санап, 1987 жылы маусымның 26-дағы пленумда оны «Қазақ Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы болғанда республика партия ұйымын басқарудағы жіберген қателіктері үшін» деген жалған сылтаумен КОКП ОК-нің мүшелігінен, көп кешікпей Қазақстан Компартиясы Ок-нің мүшелігінен шығарады.

Ол өзінің «Ақиқаттан аттауға болмайды» кітабында тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жазған. Төрткүл дүниені «тітіркентіп» түгел аузына қаратқан

Кеңес өкіметімен біте қайнасып, соның ыстығына күйіп, суығына тоңып өскенін айта келе қысқаша түйінін былай жазады:

«Бірінші – бұл сталиндік заман. Бесжылдықтардың қарқын алып, елді индустрияландыру, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру сияқты іргелі істер жалпы халықтық сипатқа ие болды. Қазақ ашаршылыққа ұшыраған ауыр да азапты жылдар «халық жауы» деген жаланың өрттей қаулап, қуғын-сүргінге ұласты. Іле-шала неміс басқыншыларына қарсы Ұлы Отан соғысының басталуы, ол жеңіспен аяқталғанмен жеке басқа табынудың ащы зардаптары онсыз да діңкелеген елдің еңсесін оңайлықпен көтертпеген еді.

Екінші – бұл Сталиннің жеке басқа табыну зардаптарын айдай әлемге әшкере қылған КОКП XX съезінен кейінгі догматизмнен арыла бастаған кезең. Жылымық есті. Бірақ халық шаруашылығын басқару органдарының бірін таратып, бірін қосуды экономикалық реформа деп білетін тұрпайы тәсілдің белең алған тұсы болды. Көптеген мемлекеттік органдар жойылып, оның орнына халық шаруашылық кеңестері құрылды. Ауыл шаруашылығы органдары құрылымының астан-кестеңі шықты. Осы кезеңде адам тұңғыш рет ғарышқа ұшты, «антипартиялық топ» талқандалып, бар билік бір кісінің қолына көшті. Былайша айтқанда, Хрущевтің ұрттап ішіп, шайқап төккен шағы. Алайда, Хрущев Сталиннің уысынан сытылып шығып, өз соқпағын салуға ұмтылғанымен Ленин идеяларына жете алмай, жарты жолда қалып қойды.

Үшінші кезең – 1964 жылы қазан айында КОКП Орталық Комитетінің пленумында Хрущевтің субъективизмі мен волюнтаризміне күйрете соққы беріп, оны «тақтан» тайдырған, сөйтіп Брежневтің билігі басталған, яғни беріде «тоқырау» деп айдар тағылған жылдардан бастау алады. Қалай жерге ұрса да, қандай айдар тақса да «тоқырау» - ол жылдарға берілген әділ баға емес. Бұл уақытқа Андропов, Черненко басқарған жылдар қосылады.

Төртінші кезең – бұл қайта құру деп аталған Горбачевтің «биік мансап – биік жартасқа» өрмелеп шығып, билік құрған тұсы. Жариялылық пен демократия жылымығы ескен, бірақ «адам факторы» дегенді жамылып, кісіден қадір, сөзден пәтуа кеткен кезең. Кеңес халқы өткен жетпіс жылдық тарихты тәрк етіп, аяусыз сынап, жөнсіз қаралады.

Тарихтың аты – тарих. Оның алып доңғалағы кері айналмайды. «Туған елімнің түтіні түзу шықса, туы биіктен желбіресе, абыройы асып, адамдары бақытты ғұмыр кешсе екен» деп ниетін арнаған.

Дінмұхамед Қонаевтың артына қалдырған бар байлығы, құнды мұрасы үш мыңға жететін кітаптары. Адамзаттың күллі рухани әлемі мен ақыл-ойы, тарихы мен мәдениеті, діні мен ділі Қонаев жинаған кітаптарында тұнып тұр. Оның кітапханасында Құран кітаптың өзге тілдерге аударылған сирек нұсқаларын кездестіруге болады. Әсіресе, Нью-Йоркте 1979 жылы орыс тілінде жарық көрген «Коран» (Құран) қатты қызықтырады дейді қазақтың жазушылары.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев қайтыс болғаннан кейін Қазақстан Ғылым академиясының тау-кен және түсті металлургия институтына, еліміздің бірқатар мектептері мен көшелеріне, сонымен қатар Алматы қаласындағы университетке қоғам қайраткерінің ардақты есімі беріледі.

1992 жылы 13-қарашада «Халықаралық Қонаев қоры» құрылды.

2002 жылы 12-қаңтарда Алматы қаласында Қонаевтың мұражай үйі ашылды.

2003 жылы 15-тамызда Дінмұхамед Қонаев өмірінің соңғы сәтін өткізген Алматы облысының Алакөл ауданындағы Ақши ауылында арнайы құлыптас орнатылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Алматыда Дінмұхамед Қонаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты жиналыста сөз сөйлеп, Дінмұхамед Қонаевтың саяси өміріне баға берді. Онда, Қазақстан Республикасының Президенті былай деді: «Дінмұхамед Ахметұлын үлкен ішкі мәдениеті, терең білімдарлығы мен мол өмірлік тәжірибесі ерекшелеп тұратын. Ол өзіне біздің халқымыздың, сол уақыттағы қазақ зиялыларының ең жақсы қасиеттерін сіңіре білді». Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың 100 жылдық мерейтойы күні, осынау бірегей адамды есімізде сақтай отырып, біз оған деген өз құрметімізді көрсетудеміз».

Нұрсұлтан Әбішұлы өзсөзінде Д.Қонаев өмір сүріп, еңбек еткен дәуір шындығын аша сөйледі: «Ол өзі айтқандай «коммунист болды және коммунист болып қалды». Ол кісінің бұл ұстанымы құрметке лайық. Бұл Одақтық орталық тарапынан жаппай қатаң бақылаудың заманы болатын. Қиырдағы Мәскеудің шешімінсіз республикада бірде-бір өндіріс немесе мекеме іске қосылмайтын. Бұл жағдай бәріміздің есімізде. Димекеңді Л.Брежневпен достығының арқасында билікте соншама ұзақ отырды дейтіндер де бар. Бірақ, уақыт солай еді. Орталықтың шешімдеріне мүлтіксіз бағынбайынша және оның қолдауынсыз өз қызметінде тұрақтап қалып, қандай да бір мәселелерді шешу мүмкін емес-тін. Оның үстіне ол кезде басшыларды іс жүзінде халық сайламайды, орталық тағайындаушы еді. Жүйе осындай болатын. Демек, республика басшысы ретінде Дінмұхамед Қонаев әсіресе орталықтандырылған жүйенің қыспағында қалуы, дербес саясат жүргізе алмауы заңды еді. Бұл – оның жеке тағдырының драмалық қайшылығы».

Қорыта келгенде Дінмұхамед Ахметұлы – өз заманының перзенті болған ірі тұлға, көрнекті қайраткер. Қонаев жоғары қызметке келген уақыттың аса күрделі, қайшылығы көп кезең болғанын білесіздер. Алайда, осындай қиындықтарға қарамастан, Қонаев елдің дамуы үшін қолынан келгенін жасады. Республикада құрылыс, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы салаларының дамуы ілгерілей түсті. Елсіз жерлерде жаңа қалалар мен елді мекемелер пайда болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Д.Қонаев «Өтті дәурен осылай» естелік эссе. Алматы 1992 жыл

2. Нұрсұлтан Назарбаев Д.А.Қонаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты жиналыста «Елі барда ер елеусіз қалмайды» сөйлеген сөзі. «Егемен Қазақстан» газеті 13 қаңтар 2012 жыл. 1-2 беттер.

3. Қазақстан тарихы Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы Алматы 2006 жыл. 521-522 беттер.

4. С.Жиенбаев «Елін танытқан ер», «Егеменді Қазақстан» газеті 12 қаңтар 2012 жыл №12. 4 бет.

5. В.Сидорова «Ардақты адамның аты өшпейді», «Егемен Қазақстан» газеті,

12 қаңтар 2012 жыл №12. 4 бет.

6. Ж.Шаукенов «Ғасыр адамы», «Қостанай таңы» газеті, 13 қаңтар 2012 жыл №

4 бет.

7. Б.Ғабдуллин «Д.Қонаев. Кремль құшағының қыспағы», Егемен Қазақста» газеті, 14 қаңтар 2012 жыл, №15-16. 9-10 беттер.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАҢҒЫРУ-ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН БЕЙБІТШІЛІКТІҢ КЕПІЛІ

Ибрагимов Мансур Алтынбекович
E-mail mansur19831983@mail.ru
Қоғамдық пәндер оқытушысы
Ы.Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжі

Тәуелсіздігін алған Қазақстанда адамдардың өмірлік болашағы нақтылануда, түрлі бағдарда өрбуде. Тәуелсіздік идеясының тұғыры республиканың тұтастығы мен қауіпсіздігін сақтау, Қазақстандағы ұлттық ынтымақты және қоғамдық бірлікті жетілдіру мақсатымен анықталуда. Елдегі азаматтық және рухани, этникалық және ұлттық бірегейлікті нығайту, халықтың әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-психологиялық белсенділігін арттыру – қазақстандық дамудың басты бағдарларын құрайды.

Қазақстанда қоғамдық сана түбегейлі өзгеріске ұшырады, оған нарықтық қатынастар мен жаңа саяси жүйені енгізу ықпал етті:

1) тұрақты орта тап қалыптасты;
2) азаматтық қоғам құрылды;
3) тарихқа, тілге және мәдениетке деген қатынас өзгерді.

Кеңестік кезеңнен кейінгі Қазақстанның, сонымен қатар ТМД кеңістігіндегі басқа да көптеген елдердің өтпелі кезеңі өтпелі кезең және жаңғырту теорияларын ескере отырып жүзеге асырылуда.

С.Хантингтонның пікірі бойынша, жаңғыртуларсыз батыстандыру үлгісі (Египет, Филиппин) өзінің жарамсыздығын көрсетті; батыстандырусыз жаңғырту үлгісі (Оңтүстік-Шығыс Азия) өзінің ұзаққа бармайтындығын көрсетті, қуып-жетуші үлгісі (Ресей, Түркия, Мексика) бүгінгі күні жаңа ақпараттық кеңістікке секіре отырып Батыстан одан әрі алыстағандығымен қиындауда. Бір ғана үлгі қалып отыр, ол адам әлеуетенің жедел дамуының жаңа деңгейінде жүзеге асуы мүмкін ұлттық жаңғырту.

Жаңғыртулардың белгілі теоретигі Ш.Айзенштадт осыған ұқсас ойларды айтады. Ол жаңғыртулардың көптеген тұжырымдамаларын, тағы да ұлттық үлгідегі жаңғыртуларды ұсынады. Бұл дамудың ішкі міндеттерінің әртүрлілігі

жайлы жән жаһандық экономикаға батыстық емес елдердің шығу мәслесі туралы айтуға мүмкіндік туғызады.

Осы мағынада Қазақстан озық даму үшін батыстың кейбір үлгілерін пайдалана отырып, ең бастысы өзінің ішкі мәселелерін жүйелі түрде шеше отырып әлемдік тәжірибені қолдану мүмкіндігін жүзеге асыруда.

Қазақстан дамуының қиындықтары бір уақыт ішінде жаңа, заманауи, нарықтық экономиканы құрып, демократиялық реформалар мен адам санасына өзгерістер енгізу болды. Негізгі сын – қатерлер осындай үш өтпелі кезеңде еді. Бұл жағдайларда осы үш құрамдас бөліктрдің диахрондық түрде дамуы орын алды. Бәрінен де демократиялық және нарықтық қайта – құрулар бір-бірімен тайталасқа түсті.

Қазақстанда нарықтық қатынастар мен жаңа саяси жүйені енгізу сана өзгерісіне мүмкіндік туғызған болды.

Біріншіден, 1991 ж. өздерін КСРО-дан бөлек көре алмаған тұрғындардың 86 % -ның бірегейленуі.

Екіншіден, қазақ тілі мен мәдениетіне деген қатынас өзгерді.

Үшіншіден, Қазақстанда исламның доминантығы басқа конфессиялардың қызмет етуіне және рухани өмірін ұйымдастыруға бөгет етпейтін бірегей конфессионалдық үлгі жүзеге асырылды.

Төртіншіден, өздерін өтпелі кезеңді жемісті игердік деп есептеп, бейімделгендер 75-76% құрайды, яғни бұл Қазақстанды посттранзиттік жағдайда дейтін көпшілік.

Бесіншіден, тұрақты орта тап құрылды.Сонымен қатар құрылыстағы серпіліс, білім берудегі серпіліс және халықтың спортқа деген серпілісі. Нәтижесінде Қазақстан жаңа мақсаттары мен стратегиясы бар қалыптасқан мемлекет ретінде жаңа мәртебеге ие болды. [1, 66,67бет]

Әлемдік дамуда ешкімге ұқсамайтын « қазақстандық жолымыздың» өзіндік ерекшеліткері бар екені ақиқат. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылдың 12 сәуірде « Егемен Қазақстан » газетінде жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру » мақаласында солардың бірі әрі бірегейі рухани кемелденуге бастайтын жолымыз егжей-тегжейлі жария етілді.

Ақпарат дәуірі аталатын XXI ғасыр бізге өзінің жеделдігімен, жүйріктігімен, өзгерістермен бірге, өзінің жаңа деңгейдегі талаптарымен келіп отыр. Таңертеңгі жаңалық түске дейін ескіріп қалатын заман адамнан білікті болумен қатар ширақтықты талап етеді. Осындай күрделі уақытта біздің мемлекетіміздің, халқымыздың алдында рухани жаңғыруға бастайтын аса жауапты істер күтіп тұр.

Тарихи қалыптасқан біздің ұлттық дәстүрлеріміз ақпарат дәуірінде осы замандағы озық дәстүрлермен үйлесім табуы үшін қажырлықпен еңбектенуге тура келеді. Еліміздің жоғары жетістіктеріне жетуіне оның табиғи байлығы емес, адами капитал сапасы, адамдардың білімі мен бәсекеге қабілетті, оны іске асыратындай денсаулық сапасы ықпал етеді. Сондықтан, біздің әрбір отандасымыз, әрбір қазақстандық алдына үлкен мақсат қойып, табысқа жетуге ұмтылуы керек, сөйтіп, XXI ғасырға лайықты болуы тиіс.

Мемлекет басшысының биылғы « Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік » жолдауынан туындайтын міндеттер мен « Цифрлы Қазақстан », «Үш тілде білім беру», « Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар ұлтымызды, яғни барша қазақстандықты XXI ғасырдың талаптарына даярлауды көздейді.

Қазақ елі аяқ басқан бесінші тарихи дәуірдегі рухани жаңғыртуды жан-жақты байыптаған мақалада қайта түлеудің екі маңызды процесін- саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды атап өтеді. Аталған екі жаңғыру процесінің де нақты мақсат-міндеттері, басымдықтарымен оған жеткізетін жолдары бар. Мақстақа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі тиіс.XXI ғасыр ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлтқа айналуды көздейтін

« Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет » жобасы іске асырылады. Біздің мәдени құндылықтарымыз бен қазыналарымыз да әлемге кеңінен қанат жаятын болады.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты-сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Сонымен қатар 2004-2012жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескертіштер мен нысандар жаңғыртылып, сонау көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі халқымыздың тарихи-мәдени мұрасын жүйелеумен біренеше ондаған томдар етіп,баспадан шықты.

2013 жылы «Халық – тарих толқынында » бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттеді.**[**2, 1-3 б.**]**

Еліміздегі Жалпыға ортақ еңбек қоғамы Қазақстандық қоғамды әлеуметтік жаңғыртудың жаңа кезеңінің идеологиясы . Алғаш рет идеологияның тезистері 2012 ж. 3 шілдеде Индустрияландыру күні ауқымында баяндаоған болатын. Одан кейін Президенттің « Әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам » атты іргелі мақаласы шықты. Президент Жалпыға ортақ еңбек қоғамының 5 қағидасын ұсынды:

1. Эволюцияшылдық. Жаңғырту үдерістерінің алгоритімі кейін қалған салаларды, өңірлерді, әлеуметті топтарды қолда бар стандарттар мен әлеуметтік даму көрсеткіштеріне « тартуға» негізделуі тиіс.

2. Ортақ жауапкершілік. Әлеуметтік жаңғыртудың барысы мен нәтижесі
үшін жауапкршілікті тек мемлекет пен оның барлық басқару деңгейлері ғана емес, сондай-ақ жеке меншік құрылымдар, барлық қоғам бөлісуі тиіс.

3. Әріптестік қатысу.Әлеуметтік әріптестікті белсенді дамыту, елдің мемелекеттік емс секторын, бірінші кезекте, әлеуметтік саланы жаңғыртуға қатысуын кеңейту үшін жағдай жасау маңызды.

4. Ынталандыру. Адам еңбекке ынталандырудың жолын табу, еңбек табыстарын қоғамдық ынталандырудың жүйесін құру.

5. Кәсібилік. Барлық қабылданатын шешімдер егжей-тегжейлі есептеліп, әлемдік тәжіриебені оқып-үйрену негізінде ғылыми дәленденген ұтымдылық қаперге алына отырып қабылдануы тиіс.

Әлеметтанулық зерттеулердің көрсетуінше, доминантты нарықтық қатынастарды есепке ала отырып, Жалпыға ортақ еңбек қоғамы идеологиясын алға тарту халық үшін күтпеген жағдай болды. [1, 247,248б]

«Қазақстан-2050» - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Стратегиясында» рухани бірлік пен ұрпақтар арасындағы сабақтастық, ұлттық сана-сезім мен жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мәселелерін өзектендіре отырып, мемлекет Президенті Н.Ә.Назарбаев бұның бәрі жақын болашақта Мықты және Қуатты Қазақстан мемлекетін өркениетті жолмен құрудың қажетті шарты екеніне баса назар аударды.

«Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыруда үлкен жауапкершілікті мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ халқына жүктей отырып, Президент тек мәдени кодты сақтай отырып қана (тіл, руханилық, салт-дәстүрлер) уақыттың сын-қатерлеріне жауап қайтара алатынымызға баса назар аударды. Қазақстан халқының XXI ғ. өмірлік өресі:

1) қоғамдағы біртұтас бастамаға және алуан этникалық, түрлі конфессиялық мемлекеттегі тұтастанған рухқа;
2) олардың бір бағыттағы алуан іс-әрекеттердің үйлестікке қатыстылығы.

Ұлтымыздың да, еліміздің де өзін - өзі анықтаудың іргелі негіздері бар. Олар:

1. Тәуелсіздікке деген, «Ұлы Жібек жолын» қайта жаңғыртуға деген бағыт-бағдар;
2. бірдей еңбектену, халық бірлестігі, тарихтың, мәдениеттің ерекшелігін ескеру және мемлекеттік тілді қолдану жүйесін жетілдіру әрекеті;
3. қазақтың ұлттық мәдениетін толықтыратын тәжірибе сабақтастығы. Қоғамды жетілдірудің осындай қазақстандық тәжірибесін әлем мойындауда.

Жаңа ғасырда ұлттық өркендеу және этникалық түбірге топтасу үрдісі қатар қарқындауда. Екі тенденцияда жаһандану мен экономикалық интеграцияға ыңғайласудың қос түріне жатады. Интеграцияның негізін ұлттық құндылықтарды сақтау және этникалық мәдениеттің өзіндік үлгісін нығайту мүддесі құрайды. [3, 5-8 б.]

Н.Ә.Назарбаев өзінің жаңа интегралдық өзара түсіністік философиясын жасап шығарып, оны жүзеге асыра отырып, мұндай келісімнің негізі рухан-адамгершілік құндылықтар болуы тиіс деген қорытындыға келді. Сондықтан мәдениет пен өркениет сұхбаты әр халықтың жан-дүниесін құрайтын дін мен конфессия сұхбатынан бастау керек. Тек биік рухани атпен өрелі мәдениет қана өзге этникалық топтар өкілдерін өзіне тартып,құрамына енгізе,сіңіре алады.

Мемлекеттіміздегі келісім мен тұрақтылықтың, бейбітшіліктің нышыаны ол Қазақстан Халқы Ассамблеясы екені сөзсіз.

Қазақстан халқы Ассамблеясы- Қазақстан Республикасының Президенті құрған мекеме. Оның басты міндеті мемлекеттік ұлттық саясатты жүзеге асыру, Қазақстан Республикасындағы қоғамдық- саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету және этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік және азаматтық институттардың өзара қарым- қатынастарының тиімділігін көтеру.

Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы идеясын алғаш рет 1992 ж. Тәуелсіздіктің бір жылдығына арналған Қазақстан халықтарының форумында ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жариялады. 1995 ж. 1- наурызында Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы және Қазақстан Республикасы Президентінің тұсындағы консультативті- кеңесші орган ретінде оның мәртебесін анықтаған Үкімі шығарылды.

